Большой интерес к компонентом питания, оказывающим положительное влияние на здоровье детей, сформировало новые направления в создании продуктов питания для детей первых лет жизни. С целью улучшения состава кишечной микрофлоры в состав детской смеси ввели олигосахариды-пребиотики. При этом за образец берут олигосахариды-пребиотики грудного молока — вещество уникальное за счет сложности и разнообразности строения, вариабельности содержания в грудном молоке и важности выполняемых в организме ребенка различных функций.

#### **SUMMARY**

#### BEKENOV N.N., KYLYCHBEKOVA G.N., MUKHANKYZY G., TUGANBAEV A.T.

Kh. A. Yassavi International Kazakh-Turkish University Shymkent medical institute

#### THE OLIGOSACCHARIDES OF PREMATURE BABY FOOD – PREBIOTICS

Great interest in the nutrition component, which has a positive impact on children's health, has formed new directions in creating food for children of the first years of life. In order to improve the composition of the intestinal microflora, the oligosaccharide-prebiotics were introduced into the composition of the infant formula. At the same time oligosaccharides-prebiotics of breast milk are taken as a sample - the substance is unique due to the complexity and diversity of the structure, the variability of content in breast milk and the importance of the various functions performed in the child's body.



ӘОЖ: 613.2-03:616-053.5

#### ПОЛАТБЕКОВА Ш.Т., АБДУЛДАЕВА А.А.

«Астана Медицина Университеті» АҚ

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУ ТӘРТІБІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ

#### Аннотация

Тағам – адамзат денсаулығын анықтайтын бірден-бір маңызды фактор болып саналады. Тиімді тамақтану балалардың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді, аурулардың алдын алады, өмір жасты ұзартады, физикалық және ақыл-ой еңбегін арттырады, қоршаған ортаға тез бейімделуге септігін тигізеді. Тағам – қоректік, реттеуші, сенсорлы, «ақпарат тасымалдаушы» қасиеттерге ие. Ағзадағы мүшелер мен тіндер тағамдық заттар көмегімен қалыптасып, өседі. [1]

**Кілтті сөздер**: салауатты тамақтану, тамақтану тәртібі, салауатты өмір салты, балалар арасындағы семіздік, балалар арасындағы дене салмағының жеткіліксіздігі.

Қоректену – барлық тірі ағзаларға тән қасиеттердің бірі. Қоректену арқылы тірі ағзалар өседі, дамиды және қалыпты тіршілік әрекетін жалғастырады. «Ас – адамның арқауы», «Асты көрсең қадір тұт» деген сөздер тағамның қасиетін айқындап тұрғандай. Ағзаға қажетті тағамдық заттар күнделікті тұтынатын тағамнан алынады. [2] Ағза қабылдаған тағам алдымен түрлі өзгерістерге ұшырап, күрделі өңдеуден өтеді. Өңделген тағамдық заттар қан мен лимфа арқылы жасушаларға, ұлпаларға таралып, қалдық заттар сыртқа шығарылады. [3] Тағамның құрамындағы органикалық заттар ыдыраған кезде энергия бөлінеді. Бұл энергия жеке мүшелердің және жалпы ағзаның қызметі үшін жұмсалады. Тағам – ағза үшін энергия көзі және құрылыс материалы. [4]

Соңғы уақытта адамдардың басым көпшілігі салауатты тамақтануды жақтаушылардың қатарына кіріп жатыр. Гиппократтың өзі тағамды ең күшті дәрі деп атап, адам өмірге дені сау болып туылатындығын, ал барлық аурулар тағаммен бірге келетінін дәлелдеген. Тағам тек қана аштықты басып қана қоймай, сондайақ денсаулықты сақтайды және түзетеді. [5]

Дұрыс тамақтанбаудың теріс салдары бірден көрінбейтіндігі белгілі. Қандай да бір қоректік заттектердің тапшылығы, жасушалық алмасудың бұзылыстары, негізгі заттек алмасуының өзгерістері салдарынан уақыт өте келе организм ағзалар мен жүйелердің қызметін қолдай алмайтын күйге жетеді. Жылдар бойы жинақталған бұзылыстар мен өзгерістер денсаулыққа салдарын тигізіп үлгергенде мамандардың сауатты емдеуі, науқастардың дәрігердің ұсыныстарын мүлтіксіз орындауы ұзақ уақытты қажет етеді. Денсаулықтағы қауіпті бұзылыстардың алдын алу үшін адамның өз денсаулығына қатынасын өзгертуі, алдымен дұрыс тамақтануы және дене белсенділігімен айналысуы қажет. [6]

Салауатты тамақтану – қалыпты өсу мен дамудың, денсаулықты сақтау мен созылмалы аурулардың қаупін азайтудың негізі. Салауатты тамақтану жас организмнің қалыпты дамуына ықпал етеді, жақсы денсаулық пен ұзақ жасауды қамтамасыз етеді, иммунитетті арттырады, ақыл-ойды және жұмысқа қабілеттілікті жақсартады, көптеген аурулардың дамуының алдын алады. Сәйкесінше, толыққұнды емес немесе дұрыс ұйымдастырылмаған тамақтану өсуді баяулатады, қоршаған ортаның зиянды әрекетіне қарсы

# ТАҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ТАҒАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

тұрақтылықты төмендетеді, аурушаңдықты арттырады, жұмысқа қабілеттілікті және оқу үлгерімін төмендетеді. [7]

Тиімді және балансталған тағам көптеген қауіпті ауру формаларын алдын алудың негізгі факторы болып табылады. [8]

Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауында салауатты өмір салты және адамның өз денсаулығына деген ортақ жауапкершілік қағидасы денсаулық сақтау саласының басты мемлекеттік саясатына, сондай-ақ тұрғындардың күнделікті тіршілігіне айналуы керектігі айтылған, балалардың денсаулығын қорғау Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясымен, Бала құқығы декларациясымен және басқа да Қазақстан Республикасындағы нормативті-құқықтық құжаттармен кепілдендірілген. Қалыптасқан жағдайлар балалардың денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша шараларды әзірлеуге, медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге, оның сапасын арттыруға, ұйымдастырудың оңтайлы түрлерін іздеуге бағытталған зерттеулер маңызды мәнге ие. [9]

Салауатты тамақтану принциптерін сақтау – Денсаулық сақтау ұйымының негізгі стратегияларының біріне жатады. Қазақстан Республикасы тұрғындары үшін салауатты тамақтанудың стратегиялық маңыздылығы Президенттің «Қазақстан – 2030» атты халқына жолдауындағы төртінші тарауында көрсетілген. Осы тарауда денсаулықты сақтау мен нығайтудың негізгі мәселелері ретінде дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын сақтау арқылы аурудың алдын алу мәселелері қарастырылған. [10]

Дұрыс тамақтану аясындағы ұлттық саясатты жасау кезіндегі негізгі құжатқа тиімді тамақтану, физикалық белсенділік және денсаулық сақтау аясындағы ДДСҰ жаһандық стратегиясы жатады. Бұл стратегия жұқпалы емес ауруларға қатысты екі негізгі факторды бөліп көрсетеді: тамақтану тәртібі және физикалық жүктеме. [11]

Дұрыс тамақтанудың алғашқы ұстанымдарының бірі – тамақтану тәртібі. Тамақтану тәртібі дегеніміз – күн барысында тағам қабылдаудың мөлшері мен уақыты. Тағамды белгілі бір белгіленген уақытта қабылдаған жөн. Тамақтану тәртібінің болмауы ас қорыту процесіне, тамақтану мәдениетіне қолайсыз әсер етеді және тағам қабылдауға байланысты нашар дағдыларды ушықтырады. [12]

Тағамды белгілі бір белгіленген уақытта қабылдау әдеті шартты рефлексті қалыптастырады, яғни тағам қабылдау уақытында ас қорыту бездері сөл бөлу қызметіне дайын болады, асқазан-ішек жолдары ағзаларының жұмысында «ырғақтылық» пайда болады, ас жақсы қорытылады және сіңеді. [13]

Мектеп окушыларының тамақтану тәртібі оку жүктемесіне, спортпен айналысуға, еңбек қызметіне және тағы басқа факторларға байланысты. Ол қосымша сабақтарға, спорт секцияларына, үйірмелерге, т.б. бару уақытына сонымен қатар жыл мезгілдеріне сәйкес өзгеруі мүмкін. Осыған байланысты мектеп окушыларының тамақтану тәртібі бұзылмауы өте маңызды, белгілі бір уақытта тамақтану дағдысы қалыптасқаны жөн. [12]

Көптеген кең таралған аурулардың дамуының негізінде дұрыс тамақтанбау және аз қимылды өмір салты жатады. Денсаулықтың негізі балалық шақта қаланады, адамның бүкіл өмірінің сапасы осы негіздің қандай болуына байланысты. [14] Бұл негіздің беріктігі тағамның сапасымен байланысты. Балалық және жасөспірімдік шақта дұрыс тамақтанбау асқазан-ішек жолдары ауруларының, созылмалы жұқпалы емес аурулардың дамуына алып келуі мүмкін. Созылмалы жұқпалы емес ауруларға жүрек-қантамыр аурулары, семіздік, диабет, қатерлі ісіктер секілді аурулар жатады. Бүкіл әлемде және Қазақстанда олар әлеуметтік маңызды саналады, себебі бұл мүгедектікке және мезгілінен бұрын өлім-жітімге алып келеді, олардың таралуы жыл сайын арта түсуде. [15]

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтеріне сүйенсек, әлем бойынша 35% астам халықты 30 жасқа дейінгі жас адамдар құрайды. Соңғы жылдары ДДСҰ жастардың арасында денсаулық көрсеткіштерінің төмендеп жатқандығын, әсересе бұл көрсеткіштің басым бөлігін мектеп жасындағы балалар мен студенттер құрайтындығын атап көрсетті. Сонымен қатар адамның денсаулық жағдайының тек 5-10% ғана медициналық қызметтердің ұйымдастырылуынан, 18-20% генетикалық ерекшеліктерден, ал 70% өмір сүру салты мен тамақтану сапасына байланысты екенін айқындады. [16] Сонымен салауатты өмір салты дегеніміз – адамдардың күнделікті өмірде денсаулықты сақтауға ықпал ететін, ағзаны қоршаған орта жағдайына оңтайлы бейімдейтін, оқу және кәсіби қызметінде жоғары жұмысқа қабілеттілікпен қамтамасыз ететін нормалар мен ережелерді, белгілі шектеулерді ұстану үрдісі. Салауатты өмір салтының негізгі компоненттеріне дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, дене белсенділігі және тағы басқалары жатады. [17]

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша мезгілінен бұрын болатын өлімжітімнің барлық жағдайларының 60% созылмалы жұқпалы емес аурулардың салдарынан орын алады, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 73% құрауы мүмкін. [18]

Көп жылдық және көптеген ғылыми зерттеулер аурулардың дамуындағы тиімсіз, салауатты емес тамақтанудың маңызын дәлелдеді, яғни семіздіктің – 98%, диабеттің – 60%, қан айналымы жүйесінің ауруларының – 40%, қатерлі ісіктің – 35% тиімсіз тамақтану салдарынан дамитындығы дәлелденді. [19]

Балалар арасындағы семіздік – барлық мемлекеттердегі денсаулық сақтау мәселелерінің ішіндегі маңыздыларының бірі. Соңғы жылдардағы Ресей және көптеген Еуропа елдерінің артық дене салмағы мен

семіздіктің таралу деңгейінің жоғарылауын көрсететін статистикалық мәліметтері үрей туындатады. Соңғы кезде семіздіктің таралуының тұрақтану тенденциясын көрсететін мемлекеттерде бұндай тенденцияның пайда болуы айқын әлеуметтік градиентінде осы көрсеткіштің өте жоғары деңгейі аясында болады. [20, 21, 22, 23]

Қазіргі кезде көптеген балалар салмақ жинауға және семіздіктің дамуына ықпал ететін ортады өсіп жатыр. Жаһандану және урбанизация жағдайындағы семіздіктің дамуына алып келетін қауіпті орта табыс көзі жоғары, орта және төмен деңгейде және барлық әлеуметтік-экономикалық топтарда жоғарылауда. Дұрыс емес тамақтану және алкоголсіз сусындар маркетингі балалар арасында артық салмақ пен семіздіктің артуының бірден-бір қауіп-қатер факторы деп қабылданған, әсіресе бұл көрсеткіш дамушы елдер арасында белең алуда. [24]

1990-2014 жж. аралығында 5 жасқа дейінгі балалар арасында артық салмақтың таралуы 4,8%-дан 6,1%-ға дейін өсті, ал осындай балалардың саны 31 миллионнан 41 миллионға дейін ұлғайды. Осы аралықта табыс көзі орташа-төмен деңгейдегі мемлекеттерде артық салмақты балалар саны 7,5 миллионнан 15,5 миллионға дейін артты. 2014 жылы артық салмақты және семіздікпен зардап шегетін 5 жасқа дейінгі барлық балалардың жартысына жуығын (48%) Азия, ал бір ширегін (25%) Африкандықтар құрады. Артық салмақты 5 жасқа дейінгі балалар Африкада 1990 жылдан 2014 жылға дейін екі есеге жуық 5,4 миллионнан 10,3 миллионға дейін артты. [20, 21, 22, 23]

Егер бұл тенденция дәл осылай жалғаса берсе, онда артық салмақты жаңа туылғандар саны мен ерте жастағы балалар саны 2025 жылға дейін 70 миллионға дейін өседі деген болжам бар. Егер қандайда бір шара қолданылмаса, бұл нәрестелер мен ерте жастағы балалар балалық, жасөспірімдік және ересек жасында семіздікпен зардап шегетін болады. Балалық жастағы семіздік маңызды асқынулардың кең спектрін, сонымен қатар диабеттің, жүрек-қантамыр және басқа да аурулардың ерте дамуындағы жоғары қауіпін шақырады. [20, 23]

Осылайша семіздік 21 ғасырдағы денсаулық сақтау мәселелерінің ең маңыздыларының бірі болып саналады. Соңғы жылдарда семіздіктің алдын алу шараларының қажеттілігі маңызды мәнге ие болып отыр, алайда осы саясатты жүзеге асыру жиі белгілі бір жүйелілікке сәйкес келмейді. Егер семіздіктің алдын алу саясаты жүйеленген, нақты мәліметтерге негізделген және мүдделі жақтағы пікір ескерілген болса, онда жүргізілген шаралар нәтижелі болады.

«Балалар семіздігінің профилактикасына популяциялық тәсілдемелер» құжатындағы (ДДСҰ, 2012) барлық ұсынылатын шараларды үш компонентке бөлуге болады. Бірінші компонент балалар арасындағы семіздіктің алдын алу саласындағы саясатты қолдауды қамтамасыз ететін үкіметтік құрылымды анықтайды. Ол «денсаулық барлығы үшін», денсаулықты нығайту мақсатында мақсатты қаржыландыру, инфекциялық аурулардың мониторингтеу жүйесі, кадрлық потенциал, сонымен қатар тікелей саяси бастама мен популяциялық қатысулардың тиімділігін қамтамасыз ететін жүйелер мен серіктестіктер саясатының жекелеген құрылымдық аспектілерін көрсетеді. Екінші компонент популяциялық бастамалар болып табылады. Олар дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділікті қолдайтын ортаны қалыптастыруға көмектесетін тікелей әрекеттерді білдіреді. Балалар арасындағы семіздіктің алдын алу саласындағы саясаттың саяси құралдары заңнамалық және реттеуші құжаттар, салықтық саясат, қаражаттандыру, халыққа жаппай (немесе тұрғындардың басым бөлігіне) әсер ететін әлеуметтік маркетингтік компаниялар болып табылады. Үшінші компонент – жергілікті қауымдар (муниципалитеттер) деңгейіндегі бастамалар. Олар қауымдастық деңгейіндегі балабақшаларды, мектептерді және басқа да балалар ұйымдарын қамтитын әр түрлі балалар мекемелерінде қолданылса, онда нәтиже жемісті болады. Балалар арасындағы семіздіктің алдын алудың көпжақты стратегиясы барлық негізгі компоненттерді біріктіруі керек. [25]

Балалар арасындағы семіздікті популяциялық алдын алу саласындағы балалардың, отбасының дұрыс физиологиялық тамақтануы, сондай-ақ балалар мекемелерінде дұрыс тамақтануды ұйымдастыру жетекшісі болып табылады. Балалардың өмірінің алғашқы кезеңдеріндегі адекватты тамақтандыру физикалық және оқыл-ой дамуы мен ұзақ уақыт бойы денсаулығын қамтамасыз етудегі маңызды рөлді атқарады. [26, 27]

2015-2020 жж. тағамдық өнімдер мен тамақтандыру саласындағы әрекеттерді жоспарында (ДДСҰ, 2014) Еуропада және әлемде әлі де болса кең таралған семіздік және кез келген тамақтанумен байланысты бұзылыстар сияқты инфекциялық емес алиментарлы-тәуелді ауруларды болдырмау үшін ауыртпалықты қысқарту ұсынылады. Жоспармен көзделген басым әрекеттер азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесін стратегиялық басқаруды жақсартуға және тұрғындардың тамақтану рационы мен тағамдық статусы сапасын арттыруға мүмкіндік береді. [28] Осы мәнмәтінде ДДСҰ (2010) рационалды дұрыс тамақтанудағы тағамдық өнімдердің және алкоголсіз сусындардың маркетингі бойынша ұсыныстар жиынтығын ұсынды. Ұсыныстар ғаламдық әсерлерді шақыратын құрамында жоғары мөлшерде қаныққан майлар, май қышқылдары, бос қанттар немесе тұздар бар тағамдық өнімдердің балаларға әсерін төмендету бойынша маркетингінен тұрады. Ол балаларға бағдарланған тағамдық өнімдердің және алкоголсіз сусындардың маркетингі бойынша ұсыныстар көмегімен нәтижеге жету мақсатында әзірленген. [24]

Жаңа «Ересектер мен балаларға қантты тұтыну бойынша нұсқаулықта» (ДДСҰ, 2015) өмірінің барлық кезеңдерінде бос қантты тұтынудың төменгі деңгейін ұстану ұсынылады. Бос қантты тұтынудың төмен

# ТАҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ТАҒАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

деңгейі ересектер мен балаларға барлық тұтынылатын өнімдердің құнарлылығын кем дегенде 10% дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Тұтынатын өнімдердің жалпы құнарлылығының кем дегенде 5% дейін төмендеуі денсаулықтың ары қарай артуын қамтамасыз етеді. Бос қанттарға тағамдық өнімдерге өндірушілермен, аспазшылармен немесе тұтынушылармен қосылатын моносахаридтер мен дисахаридтер және балдың, шәрбаттың, жеміс шырынының және жеміс шырыны концентраттарының құрамында табиғи түрде болатын қанттар жатады. Бұл ұсыныстар негізінде мемлекеттер жергілікті өнімдер мен тамақтану ерекшеліктерін есепке ала отырып тамақтану бойынша жетекші қағидаларды әзірлей алады. Саясаттың басқа нұсқалары тағамдық өнімдерді маркерлеуді, тұтынушыларды ағартуды, құрамында көп мөлшерде бос қанттар кездесетін тағамдық өнімдер мен алкоголсіз сусындардың маркетингін реттеуді, құрамында көп мөлшерде бос қанттары бар өнімдерге бағдарланған қаржы саясатын қамтиды. Жеке адамдар осы ұсыныстарды ұстану жолымен өзінің рационындағы өнімдердің құрамын өзгерте алады. [29]

Балалар арасындағы дене салмағының жеткіліксіздігі семіздікке қарағанда жиі кездеседі. Төмен дене салмағының жиілігі педиатриялық тәжірибеде 20%-дан 40%-ға дейін ауытқып отырады. 8-16 жастағы қыздардың жыныстық және физикалық дамуы ерекшеліктерін зерттегенде дене салмағының жеткіліксіздігі 43,8% жағдайда кездескен. [30] Шағын жартылай автоматты калипердің көмегімен оқушылардың дене салмағындағы май компоненттерін бағалау бойынша жұмыстарда 11,2% жағдайда дене салмағының артықтығы, ал дене салмағының жеткіліксіздігі екі есе жиі 24,6% жағдайда диагностикаланған. [31] ДДСҰ мәліметтері бойынша дамушы мемлекеттерде 200 миллионға жуық балалар тағамның жеткіліксіздігімен есепке алынады.

Дене салмағының жеткіліксіздігінің немесе төмендігінің балалар арасында өсуі оның көлемі үшінші перцентилден төмен, ал жасөспірімдер мен ересектердің дене салмағының 6 ай ішінде 5% немесе одан жоғары төмендеуі байқалса есептеледі. [32] Дене салмағының төмендігі — энергетикалық алмасу бұзылысының нұсқасы; адам ағзасындағы соңғы 2 үрдісті — энергияның түсуін және жұмсалуын қамтиды, әрі бірінші компонент тағаммен қабылданған энергия санымен, ал екінші компонент оның жұмсалуымен анықталады. Ересек адамның ағзасында энергетикалық алмасу теңгерілген: тағаммен түскен энергия оның жұмсалуына сәйкес келеді. Балалар мен жасөспірімдерде энергетикалық алмасу оң: энергияның түсуі оның жұмсалуын жоғарылатуы керек. Дене салмағының азаюы (арықтау) 1) тағамды қабылдаудың (сіңірудің) жеткіліксіздігі; 2) энергетикалық жоғалту нәтижесінде дамиды. [32]

Шет елдерде дене салмағының жеткіліксіздігін немесе төмендігін көрсету үшін 1961 жылы тағамтану мәселелері бойынша FAO/ДДСҰ сарапшыларының біріккен комитеті ұсынған «ақуыздық-энергетикалық тапшылық» термині жиі қолданылады. Ақуыздық-энергетикалық тапшылық дегеніміз – айқын ақуыздық және (немесе) энергетикалық ашығу ұзақтығы және (немесе) қарқындылығы, дене салмағының және (немесе) бой ұзындығының жеткіліксіздігінен, негізгі зат алмасу үрдістерінің өзгерістері, су-электролиттік дисбаланс, дене құрамының өзгерісі, жүйкелік реттелудің көрінісі, эндокринді дисбаланс, иммундық жүйенің төмендеуі, асқазан-ішек жолдары және тағы басқа да ағзалар мен жүйелердің дисфункциясы түрінде ағза гемеостазының кешенді бұзылыстары бойынша шақырылатын алимертарлы-тәуелді жағдай. [33] Бұл анықтамада дене салмағы төмендігінің барлық мүмкін болатын себептері ескеріледі. [32, 34]

Демографиялық және әлеуметтік-экономикалық тенденциялар, сонымен қатар жағымсыз экологиялық жағдай да балалардың денсаулығының төмендеуіне әкеліп соғатындығы әдебиет көздерінен белгілі. [35] Соңғы жылдарда балалар мен жасөспірімдердің денсаулық көрсеткіштерінің кері динамикасы аурушандық деңгейінің, әсіресе асқорыту ағзалары ауруларының артып жатқандығын дәлелдеді. Асқазан-ішек жолдарынан туындаған мәселелер себептерінің ішінде маңызды рөлді тамақтануды ұйымдастыру кезінде мүмкін болатын бұзылыстар алады. Аурулардың барынша дамуы мектептік өмір кезеңіне, яғни 6 жастан 18 жасқа дейінгі аралыққа тән. Орын алған жағдайларда оқушылар арасында аурулардың пайда болуының, сонымен қатар бар ауруларының асқынуының алдын алуға бағытталған біріншілікті және екіншілікті профилактикалық шараларды күшейту ерекше маңыздылыққа ие.

Салауатты тамақтану мен салауатты өмір салтының есебінен созылмалы жұқпалы емес аурулардың едәуір дәрежеде алдын алуға болады. Шалдыққан аурудан емделгенге қарағанда аурулардың алдын алудың көмегімен денсаулықты сақтау барлық жағынан тиімді болып табылады. (ДДҰ, 2016).

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес: салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында халыққа салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану және ақпараттық жолмен аурулардың алдын алу жайлы насихаттауды, денсаулықты нығайту және өмір салтымен байланысты ауруларды ескерту сұрақтары негізінде халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді өзіне қамтиды. [36]

Оқушылардың денсаулығын нығайтуды қалыптастыру мәселелері қазіргі кездегі мектептердегі білім беру жүйесін дамытудың басым бағытына айналуда, яғни стратегиялық мақсаты - табиғат және адам туралы білімге байытылған, шығармашылық пен адамгершілік мінез-құлыққа ие, өмірсүйгіш еркін тұлғаны тәрбиелеу және дамыту. [37]

Л.И. Лубышева [38] балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайымен байланысты әбігерлік жағдайдың ондаған жылдар бойы жиналып келе жатқанын өз еңбектерінде атап өтті. Соңғы зерттеулер

мектеп жасындағы балалардың 30% жуығының қауіп-қатер тобына жататындығын көрсетеді. Оларда 18 жастан кейін диабет, гипертония, атеросклероз сияқты аурулар дами бастайды.

В.Р. Кучманың [39] еңбектерінде қазіргі кезде мектеп жұмысы тәжірибесіне валеологиялық сауаттылықты қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға, білім алушылаға жалпы білім берудегі оқыту қызметі ретінде де, физикалық мәдениет пен тәрбиелеу жұмысында да салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағдарланған денсаулықты нығайтуға септігін тигізетін әр түрлі оқыту және сауықтыру бағдарламалары кеңінен енгізіліп жатқандығы айтылады.

Қазіргі кезде оқу жүктемелерінің көптігіне сай мектеп жасында тамақтанудың ролі артуда. Оқу бағдарламаларын орындау үшін мектепте, сондай-ақ үйде едәуір күш пен уақыт шығындау қажет. Сондықтан күнделікті тамақтану рационының бала организмін қоректік заттектердің қажетті мөлшерімен қамтамасыз етуі және күшті толығымен қалпына келтіруі аса маңызды. Осыған байланысты өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуда мектеп жасындағы балалардың тамақтану жағдайын бағалау және оларда салауатты тамақтану мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

Мектеп бағдарламасын игеру оқушыдан жоғары ақыл-ой белсенділігін талап етеді. Білімнің жалпы жүйесіне енді ғана араласып жатқан оқушы тек қана ауыр ой еңбегімен айналысып қана қоймай, сонымен қатар өседі, дамиды, осының бәрі үшін оның ағзасының зат алмасулық қажеттілігін қанағаттандыратын толыққанды тамақты тұтынуы қажет. (Волков, 2001).

Оқушы күнделікті 75-90 г, оның 45-55 г жануартекті ақуызды тұтынуы керек. В. Зайзеваның [40] пікірі бойынша мектеп жасындағы баланың рационында міндетті түрде сүт және сүтқышқылды сусындар, сүзбе, ірімшік, балық, ет өнімдері, жұмыртқа сияқты тағамдық өнімдер болуы керек.

Сондай-ақ окушының күнделікті рационында жеткілікті мөлшерде майлар болуы керек. Қажетті майлар тек қана өсімдік майы, қаймақ, еттің майы сияқты т.б. «майлы» өнімдерде ғана болмайды. Ет, сүт және балық — жасырын май көздері. Жануар майлары өсімдік майларына қарағанда қорытылуы қиын және бұл майда ағза үшін маңызды май қышқылдары мен майда еритін дәрумендер болмайды. Қалыпты жағдайда окушылар тәулігіне 80-90 г майды тұтынуы керек, бұл тәуліктік рационның 30% құрайды. Мектеп жасындағы бала сары май, өсімдік майы, қаймақты күнделікті тұтынуы керек.

Ағзаның энергетикалық қорын толтыру үшін көмірсулар керек. Құрамында қорытылмаған тағамдық талшықтары бар күрделі көмірсулар барынша пайдалы. Окушы рационындағы көмірсудың тәуліктік нормасы 300-400 г құрайды, оның ішінде 100 г артық емесі қарапайым көмірсудың үлесіне беріледі. (Л.И. Лубышева [38]).

- Л.И. Лубышева [38] бала ағзасының дұрыс қалыптасуы және дамуы үшін мектеп жасындағы балалардың рационында құрамында негізгі дәрумендер мен минералды заттар бар тағамдар болуы керек деп атап өткен. Сонымен қатар мектеп жасындағы балалардың рационында міндетті түрде минералды тұздар мен йод, темір, фтор, кобальт және т.б. микроэлементтері бар өнімдер болуы керек.
- Т.С. Борисова, А.В. Кривда, М.М. Солтан [35] оқушылардың тамақтануындағы айрықша мәселе тағамды даярлау барысында қолданылатын тағамдық қоспа деп аталатын заттар екендігін анықтаған, оған консерванттар, антиоксиданттар, стабилизаторлар және бояғыш заттар жатады. Бұл заттар тағамға белгілі бір консистенция, дәм және иіс беру үшін қосылады. Қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген барлығына белгілі тұз, сірке қышқылы, желатин, бұрыш сияқты дағамдық қоспалар көптеген ғасырлардан бері қолданыста, оларды тағам даярлау кезінде қолдану қауіпсіздігі ешкімге күмән туындатпайды. Алайда соңғы кезде қолданылып жүрген тағамдық қоспалар балалар арасында тағамнан болған ауыр және аллергиялық реакцияларды шақыру қаупін туындатуда. Бұл біздің мектептерімізде оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру кезінде ескерілуі керек. Бұл салада жақсы жаққа қарай түбегейлі өзгерістерге стандартталған мектептегі таңғы асты, сондай-ақ адамның тамақтануы туралы қазіргі кездегі ғылымның талаптарына сәйкес келетін арнайы өнімдер мен сусындарды өндірістік дайындау жолымен қол жеткізуге болады.
- В.Н. Яценко [41] тамақтану тәртібі тағамды қабылдау уақыты мен мөлшері, олардың арасындағы интервал, тағамның энергетикалық құндылығы, сапалы құрамы, өнімнің түрлілілгі және оны қабылдау кезіндегі салмақтық үлесі бойынша тәуліктік тағамдық рационға бөлу екендігін атап өткен.

Сонымен қатар, осы күнге дейін тағамдық өнімдерді қолдану, мектеп жасындағы балалардың тамақтану тәртібінің қадағалануы бала организміне және олардың денсаулық жағдайына әсері жан-жақты зерттелгенімен, толық жүйелендірілмеген. Егер келешек ересек адамдардың денсаулық жағдайы бала организмінің жүйелер қызметінен қалыптасатындығын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі одан сайын айқындала түседі

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1. Мартинчик А.М., Маев И.В., Петухов А.Б. Питание человека. (Основы нутрициологии). Москва,  $2002.-572\ c.$
- 2. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2008. ISBN 9965-34-812-X.

# ТАҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ТАҒАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- 3. А.А. Абдулдаева, Г.Н. Досжанова Оқушылардың салауатты тамақтану негіздері. Алматы, 2014.
- 4. Шарман А. Формула здоровье. GTNet 2010 120 c.
- 5. Борисова Т.С., Кривда А.В., Солтан М.М. Формирования рационального пищевого поведения школьников как резерв сохранения здоровья подрастающего поколения. Минск, 2012.
- 6. Тажибаев Ш.С. Разговор о здоровом питании школьников. Алматы, 2008. 128 стр. (под редакцией Шарманова Т.Ш.).
  - 7. Шарманов Т.Ш. Питание важнейший фактор здоровья человека. Алматы, 2010.
  - 8. Мельников И.В. Рациональное питание детей школьного возраста. Москва, 2009.
- 9. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. «Построим будущее вместе». 28 января 2011 г.
- 10. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011 2015 годы.
  - 11. Волков Н.И. Двигательная активность и рациональное питание школьников. Москва, 2001. № 8. 9-12 с.
- 12. Тажибаев Ш.С., Саймасаева Г.А., Апсеметова М.А., Какимова Г.С. Организация питания детей в учреждениях образования. Сборник нормативных и научно-методических материалов для организаторов школьного питания . Алматы, 2008. 128 стр. (под редакцией Шарманова Т.Ш.).
- 13. Руководство по детскому питанию. Под редакцией Тутельяна В.А., Коня И.Я. Москва: Медицинское информационное агентство, 2004.
- 14. Даленов Е.Д., Абдулдаева А.А. Бала организмінің калыпты дамуындағы тағамдық талшықтардың маңызы. Валеология. 2007. № 3. 9-12 с.
  - 15. Тель Л.З., Даленов Е.Д., Абдулдаева А.А., Коман И.Э. Нутрициология. Москва, 2016.
  - 16. Глобальные рекомендации по физической активности для здоровья. ВОЗ: Женева, 2010. 60 с.
- 17. Воронова Е. Здоровый образ жизни в современной школе. Программы, мероприятия, игры. Ростов на Дону: Феникс, 2014.
- 18. Определение приоритетных направлений работы в области популяционной профилактики детского ожирения. Методические разработки, помогающие государствам- членам определять и устанавливать приоритетные направления работы. ВОЗ: Женева, 2013. 90 с.
- 19. Юные и физически активные: рекомендации по повышению привлекательности физической активности для молодежи.- Европейское региональное бюро ВОЗ: Копенгаген, 2012. 44 с.
  - 20. Доклад Комиссии по ликвидации детского ожирения. ВОЗ: Женева, 2016. 68 с.
- 21. Инвестируя в будущее детей: Европейская стратегия охраны здоровья детей и подростков, 2015—2020 гг. Европейское региональное бюро ВОЗ: Копенгаген, 2014. 28 с.
- 22. Ожирение в детском возрасте. Ранняя профилактика метаболических и кардиоваскулярных рисков: Монография/ Под ред. В.В. Бекезина, Л.В. Козловой.- Смоленск: Смоленская городская типография, 2016. 172 с.
- 23. Рекомендации по диагностике, лечению и профилактике ожирения у детей и подростков.- М.: Практика, 2015. 136 с.
- 24. Свод рекомендаций по маркетингу пищевых продуктов и безалкогольных напитков, ориентированному на детей. BO3: Женева, 2010. 16 с.
  - 25. Популяционные подходы к профилактике детского ожирения. ВОЗ: Женева, 2012. 54 с.
  - Глобальная стратегия по питанию, физической активности и здоровью. ВОЗ: Женева, 2004. 18 с.
- 27. Комплексный план осуществления действий в области питания матерей, а также детей грудного и раннего возраста. ВОЗ: Женева, 2014.- 22 с.
- 28. План действий в области пищевых продуктов и питания на 2015—2020 гг. Европейское региональное бюро ВОЗ: Копенгаген, 2014.- 29 с.
  - 29. Руководство по потреблению сахаров взрослыми и детьми. Резюме. ВОЗ: Женева, 2015. 49 с.
- 30. Болотова Н.В., Поляков В.К., Аверьянов А.П. Особенности полового и физического развития девочек 8-16 лет //Pocc.neдиатр. журн. -2007; 4: 33-36.
- 31. Иванова И.В., Черная Н.Л., Мамонтова О.К. Оценка жирового компонента массы тела школьников. 2011; 90 (3): 34–37.
- 32. Диагностика и лечение эндокринных заболеваний у детей и подростков. Учебное пособие под ред. Н.П. Шабалова. Москва, 2009. 528 с.
- 33. Скворцова В.А., Нетребенко О.К., Боровик Т.Э. Нарушения питания у детей раннего возраста. //Электронная версия журнала «Лечащий врач». 2001.
- 34. Хорошилов И.Е. Недостаточное питание у пациента: диагностика и лечение //Электронная версия журнала «Лечащий врач». 2003.
- 35. Борисова Т.С., Кривда А.В., Солтан М.М. формирования рационального пищевого поведения школьников как резерв сохранения здоровья подрастающего поколения. // Солтан М.М. Минск, 2012.
- 36. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі.
- 37. Терещева О.Л. Програмно-методические основы обучения ЗОЖ учащихся общеобразовательной школы. // Теория и практика физической культуры. -2001, № 2.8-12 с.

- 38. Лубышева Л.И., Малинин А.В. Исследование особенностей здоровья и поведения российских школьников // Физическая культура. Науч.-метод. журнал. № 6 2004.
- 39. Кучма В.Р. Организация рационального питания как одно из важнейших направлений оздоровительной работы в образовательных учреждениях. // В.Р. Кучма, Ж.Ю. Горелова, И.К. Рапопорт // Вопросы детской диетологии. т. 2 2004.
  - 40. Зайцева В. Питание идеальное и реальное. // Здоровье детей. № 6 2007.
- 41. Яценко В.Н. Руководство к лабораторным занятиям по возрастной физиологии для студентов 2 курса факультета биологии: учеб. пособие / В.Н. Яценко, Н.В. Воеводская. Мичуринск: МГПИ, 2003.

#### **РЕЗЮМЕ**

#### ПОЛАТБЕКОВА Ш.Т., АБДУЛДАЕВА А.А.

АО «Медицинский Университет Астана»

### ВЛИЯНИЕ РЕЖИМА ПИТАНИЯ НА ЗДОРОВЬЕ ШКОЛЬНИКОВ

Пища является одним из важных факторов определяющих здоровье. Правильное питание обеспечивает нормальное развитие ребенка, способствует физическому и умственному развитию, быстрой адаптации к окружающей среде, профилактике заболеваемости и продлению жизни. Пища обладает питательными, регулирующими, сенсорными и информативными качествами, формируя рост развития тканей и органов организма. [1]

**Ключевые слова**: здоровое питание, режим питания, <u>здоровый образ жизни</u>, ожирение у детей, дефицит массы тела у детей.

### **SUMMARY**

#### POLATBEKOVA SH.T., ABDULDAEVA A.A.

JSC «Medical University of Astana»

#### INFLUENCE OF THE NUTRITION MODE ON HEALTH OF SCHOOLBOYS

Food is an important determinant of health. Proper nutrition ensures normal development of the child, contributes to physical and mental development, rapid adaptation to the environment, prevention of disease and prolongation of life. Food has nutritious, regulating, sensory and informative qualities, forming the growth of development of tissues and organs of the body. [1]

**Keywords:** healthy eating, diet, healthy lifestyle, obesity in children, deficiency of body weight in children.



УДК 616.042.616.4

# ШАРАБИТДИНОВА<sup>1</sup> Г.Г., АСКАРОВА<sup>1</sup> С.С., САДЫКОВА<sup>1</sup> А.Д., МУСИНА<sup>1,2</sup> А.А.

Международный казахско-турецкий университет имени А.Ясави<sup>1</sup> Медицинский Университет Астана<sup>2</sup>

# ФАКТОРЫ РИСКА РАЗВИТИЯ СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ У ЛИЦ С АБДОМИНАЛЬНЫМ ОЖИРЕНИЕМ

#### Аннотация

В статье представлено ретроспективное исследование структуры рисков и клинико-метаболические особенности сердечно-сосудистых заболеваний у жителей Туркестанского региона Южно-Казахстанской области. Оценка риска развития ССЗ по трем моделям показала, что предикторы повышения заболеваемости в регионе являются такие факторы как ожирение, гипергликемия, дислипидемия и артериальная гипертензия. Выделены основные прогностические факторы возникновения сердечно-сосудистых осложнений. Показана эффективность применения трёх шкал суммарного риска при прогнозировании фатальных и не фатальных сердечно-сосудистых осложнений.

# ТАҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ТАҒАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ключевые слова:** сердечно-сосудистые заболевания, факторы риска, абдоминальное ожирение. **Актуальность** 

Абдоминальное ожирение (AO) — один из ведущих факторов риска развития сердечно-сосудистых заболеваний (CC3) и их осложнений. С одной стороны, это обусловлено тем, что распространенность ожирения увеличивается во всем мире во всех возрастных группах, с другой — выявлена четкая связь между АО и ранним развитием СС3 и их осложнений, особенно у пациентов с метаболическим синдромом (MC) в структуре которого АО занимает одно из главных мест [1]. По данным ВО3, от заболеваний, связанных с ожирением, только в Европе ежегодно умирает 320.тыс человек.

Высокая распространенность АО рождает проблему – среди лиц с повышением окружности талии (ОТ) встречается широкий спектр различных клинических состояний, в разной степени связанных с повышением риска ССЗ и сахарного диабета 2 типа (СД 2 типа) [2].

На протяжении нескольких лет результаты эпидемиологических исследований свидетельствуют о взаимосвязи ожирения с ССЗ [3]. В метаанализе 97 проспективных исследований, выполненных с 1948 по 2005 г.г., показано, что риск развития ССЗ при избыточном весе увеличивается на 50% [4]. Также в ряде исследований показано, что ожирение способствует ухудшению качества жизни [5]. Российские ученые проводили иследование роли АО в развитии ишемической болезни сердца (ИБС) у женщин, в результате исследования было выявлено, что в группе с АО увеличен риск развития стенотических поражений коронарных артерий и инфаркта миокарда [6]. Результаты исследования свидетельствуют о том, что величина ОТ достаточно хорошо отражает гормональное и метаболические нарушения у больных с ИБС и МС [7]. В исследовании китайских ученных показано, что ССЗ и факторы риска встречаются у лиц с АО [8].

#### Цель исследования:

Изучить клинико-метаболические особенности, структуру рисков ССЗ.

#### Материалы и методы:

Проведено ретроспективное когортное исследование, которое является частью проекта по изучению МС, проведенного в 2003 году Ж.С. Шалхаровой, Г.О.Нускабаевой и С.С.Аскаровой [2, 9, 10]. На момент начала исследования количество изучаемой группы составило 130 человек, из которых за 12-летний период наблюдения умерли 21 человек. Средний возраст их составил 57,42±13,34 лет. Критериями включения в исследование являлись пациенты, проходившие исследование 12 лет назад на базе МКТУ. В исследование не включены пациенты с изолированным АГ и СД. Все пациенты, включенные в исследование, подписывали информированное согласие на участие в исследовании.

С целью выявления клинико-метаболических особенностей были сформированы 4 группы обследованных лиц (таблица 1):

- 1. Контрольная группа практически здоровых лиц 15 человек.
- 2. Группа больных с изолированным АО 32 человек.
- 3. Группа больных с АО в сочетании АГ (АО+АГ) 36 человек.
- 4. Группа больных с АО в сочетании с АГ и СД 2 типа (группа АО+АГ+СД 2 типа) –21 человек.

Анкетирование включало следующие данные: возраст, пол, социальное положение, образование, курение, двигательная активность, наличие хронических заболеваний, семейный сердечно-сосудистый анамнез, наличие СД, прием антигипертензивных препаратов, антропометрические данные, уровень артериального давления (АД), уровень частоты сердечных сокращений.

Таблица	<i>1</i> . 1	Распределение	пациентов в	з зависимости	наличия А	ιО, АГ	, C	Д

Сочетание полиморфизмов генов β1 иβ3	Абс. Число	Показатель
адренорецепторов		
Здоровые	15	14,4%
AO	32	30,8%
ΑΟ+ΑΓ	36	34,6 %
АО+АГ+СД	21	20,2%
Итого	104	100%

Общеклинические методы: исследование проводилось на базе клиники МКТУ им А.Ясави. Лабораторные исследования выполнены в лаборатории клиники.

В антропометрические параметры исследования включены масса тела, рост, ОТ, окружность бедер, определение индекса массы тела.

Исследование биохимических показателей крови включали в себя определение содержания в сыворотке крови глюкозы (норма 3,89-5,6 ммоль/л), общего холестерина (ОХС) (норма 3,3-5,0 ммоль/л), липопротеид высокой плотности (ХС ЛПВП) (норма от 1,20 ммоль/л) и триглицеридов (ТГ) (норма до 1,70 ммоль/л) и проводилось на биохимическом анализаторе Cobas Integra-400 фирмы Roche (Германия). Результаты оценивали в ммоль/л. Холестерин липопротеидов низкой плотности (ХС ЛПНП) рассчитывали по Friedewald W.T. [11]: ХС ЛПНП= ХС-ХС ЛПВП-ТГ/2,2.

Таблица 2. Общая характеристика исследуемой популяции в зависимости от наличия АО, АО+АГ, АО+АГ+СД

Изучаемые Здоровые показатели n=15		Группа с AO, n=32		10		Группа с АО+АГ+СД, n=21			
Возраст (годы), 44,7±11,0		±11,0			59,5±9,0		62,3 ±9,4		
среднее									
Возраст <45 лет, %	10	66,7%	12	37,5%	2	5,6%		1	4,8%
> 45 лет, %	5	33,3%	20	62,5%	30	94,6%		20	95,2%

Средний возраст у: здоровых  $-44.7\pm11.0$ , AO  $-48.7\pm11.5$ , AO+A $\Gamma$   $-59.5\pm9.0$  и AO+A $\Gamma$ +CД  $-62.3\pm9.4$  (Таблица 2).

Риск развития ССЗ оценивался по трем моделям:

- 1) Шкала SCORE (Systematic Coronary Risk Evaluation- Систематическая оценка коронарного риска, Conroy R.M., 2003) [12]. Европейская шкала SCORE оценки риска фатальных сердечно-сосудистых событий в течение 10 лет, включала пол, возраст, курение, САД, ОХС. Критерием «высокого» коронарного риска являлся показатель >5%. Для оценки суммарного риска ССЗ использовали онлайн-калькуляторы [13].
- 2) Шкала Framingham. Оценка суммарного риска ССЗ по шкале Framingham, разработана на основе самого продолжительного эпидемиологического исследования в городе Фрамингейм (1948 1984гг.). Благодаря этому определены факторы риска развития ИБС, АГ, инсульта, внезапной смерти. Шкала Framingham имеет 2 градации: низкий (<20%) и высокий (>20%) [14]; Шкала включает такие показатели как пол, возраст, курение, наличие СД, индекс массы тела, ОХС, ХС ЛПВП, которые оценивались при помощи онлайн калькуляторов [15].
- 3) Шкала PROCAM Prospective Cardiovascular Munster Study (1979 г.) [16]. Для оценки сердечно-сосудистого риска с помощью онлайн-калькулятора [17] необходимо указать возраст, ХС ЛПНП, ХС ЛПВП, ТГ, курение, наличие СД, наследственность, систолическое АД. Критерием высокого коронарного риска являлся показатель >20%.

Расчеты данных, полученных при исследовании, вычисляли при помощи статистических программ BIOSTAT. В работе были применены критерии Стьюдента, Хи- квадрат.

#### Результаты и обсуждения:

У всех обследованных лиц было проведено изучение средних значений клинико-метаболических показателей. В целом наиболее низкие значение всех показателей были в группе здоровых лиц, нарастали в следующем порядке  $AO < AO + A\Gamma < AO + A\Gamma + C\Pi$ .

При изучении средних значений риска развития ССЗ по шкалам SCORE, PRO CAM и Framingham наблюдается нарастание риска развития ССЗ в следующем порядке (таблица 4): здоровые <AO <AO+AГ <AO+AГ+СЛ.

Структура распределения обследованных по градациям рисков ССЗ по шкале SCORE показала, что в группе здоровых не было лиц с высоким риском, тогда как в группе АО появляются 3,1% лиц с высоким риском, в группе AO+A $\Gamma$  – 25,0% и в группе AO+A $\Gamma$ +C $\Lambda$  – 28,6% с высоким риском (рис.1). Несмотря на то, что средние значения риска развития ССЗ по шкале SCORE у больных группы АО и AO+A $\Gamma$  были достоверно выше, чем в группе здоровых, структура распределения больных по степени риска показала, что использование шкалы SCORE недостаточно информативно, поскольку большинство пациентов с высоким риском ССЗ в группах АО и AO+A $\Gamma$  остаются за пределами вмешательства. Тогда как в исследовании H.A.Чепурина показано, что наиболее приемлемой шкалой оценки для факторов риска является шкала SCORE [18].

# ТАҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ТАҒАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ




Рис.1.Риск развития ССЗ по шкале SCORE.




Рис.2. Риск развития ССД по шкале Framingham.

Распределение больных по степени риска развития ССЗ по шкале PRO CAM показало, что лица с высоким риском ССЗ встречаются в группах АО, АО+АГ, АО+АГ+СД, причем в группе АО+АГ+СД оно составило более 50% (рис.3). В группе здоровых наблюдаются лица со средним риском свыше 5%, тогда как по шкале SCORE (рис.1) и Framingham (рис.2) все лица в группе здоровых имели низкий риск. Средние значения риска развития ССЗ по шкале PRO CAM в группе АО+АГ+СД имел высокий риск (таблица 3).




Рис.3. Риск развития ССЗ по шкале PRO CAM.

Структура распределения риска развития ССЗ по шкале Framingham показало, что в группе здоровых нет лиц с высоким риском (рис.4). Увеличение лиц с высоким риском связано с присоединением АО, АГ и СД. В группе АО+АГ+СД количество лиц с высоким риском составляет более 60%. Средние значения риска развития ССЗ нарастают в группе АО+АГ, АО+АГ+СД.

В исследовании С.С.Аскаровой в структуре распределения обследованных по градациям рисков ССЗ по Фрамингемской шкале показано, что лица с  $AO+A\Gamma+CД2$  – имеют высокий и очень высокий риски. А по результатам оценки по шкале SCORE недостаточно информативны, поскольку большинство пациентов с высоким риском ССЗ в группах AO и  $AO+A\Gamma$  остались за пределами вмешательства [2].

Полученные данные свидетельствуют о нарастании средних значений клинико-метаболических показателей и являющимися статистически значимыми. Нарастание средних значений отмечалось в следующем порядке:  $AO < AO + A\Gamma < AO + A\Gamma + C\Pi$  (Табл.3).




Рис.4. Риск развития ССЗ по шкале Framingham.

При изучении риска развития ССЗ по шкалам SCORE, PRO CAM и Framingham наблюдается нарастание риска развития ССЗ в следующем порядке: здоровые <AO <AO+A $\Gamma$  <AO+A $\Gamma$ +C $\Gamma$ Д. При частотном распределении с увеличением возраста у исследуемых лиц наблюдается AO, A $\Gamma$ , С $\Gamma$ Д.

# ТАҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ТАҒАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Повышение уровней факторов риска наблюдается при присоединении АО, АГ и СД. У лиц с АО, АО+АГ, АО+АГ+СД предиктором повышения ССЗ являются такие факторы риска, как ожирение, гипергликемия, дислипидемия и АГ. В исследовании российских ученных показано, что основными прогностическими факторами возникновения сердечно-сосудистых осложнений являются возраст, семейный анамнез, АГ, уровень потребления алкоголя, наличие гипертрофии левого желудочка. Наибольшую прогностическую значимость имеет сочетание нескольких факторов риска [19].

#### Выводы:

- 1. При изучении средних значений показателей риска развития CC3 по шкалам SCORE, PRO CAM и Framingham наблюдается нарастание риска развития CC3 в следующем порядке: здоровые <AO+AГ+CЛ.
- 2. Также структура распределения обследованных по градациям рисков ССЗ по шкале SCORE показало, что в группе здоровых не было лиц с высоким риском, тогда как в группах АО, АО+АГ, АО+АГ+СД имеются лица с высоким риском.
- 3. Распределение исследуемых по степени риска ССЗ по шкале SCORE, PRO CAM и Framingham показало, что у больных предикторами повышения риска ССЗ и СД 2 типа являются такие классические факторы как ожирение, гипергликемия, дислипидемия.

Таким образом, концепция суммарного риска имеет реальное клиническое обоснование и служит эффективным инструментом первичной профилактики ССЗ. Данные настоящего исследования демонстрируют возможность использования на практике трех шкал суммарного риска для прогнозирования фатальных и не фатальных сердечно-сосудистых осложнений.

Таблица 3. Риск развития ССЗ и СД 2 типа по шкалам SCORE, PRO CAM и Framingham у здоровых лиц и у больных АО, АО+АГ, АО+АГ+СД.

Риск развития ССЗ и СД 2	Здоровы е (n=15)	Больные AO (n=32)	Больные AO+AГ (n=36)	Больные AO+AГ+С Д (n=21)	p 1-2	p 1-3	p 1-4	P 2-3	p 2-4	p 3-4
типа	1	2	3	4						
SCORE	$0,75\pm0,9$	1,07±1,3	3,46±3,36	3,86±2,42	0,419	0,00	0,00	0,0001	0,00	0,64
	5	7				4	7		4	0
PRO CAM	2,17±3,4	4,62±9,1	12,58±16,9	27,73±18,7	0,319	0,08	0,00	0,023	0,00	0,01
	6	8	5	3		8	0		0	1
Framingham	4,44±2,9	5,67±5,8	18,76±12,5	33,1±17,05	0,445	0,00	0,00	0,001	0,00	0,00
	1	2	4			1	1		1	1

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1. Березина А.В. Немедикаментозные лечения и профилактики сердечно-сосудистых заболеваний у больных с абдоминальным ожирением. Дисс. ... докт.мед.наук: 14.05.00. Санкт-Петербург, 2013. 10 с.
- 2. Аскарова С.С. Риск развития сердечно-сосудистых заболеваний и сахарного диабета 2 типа и их коррекция при абдоминальном ожирении. Автореф. ... канд.мед.наук: 14.05.00. Алматы, 2010. 8 с.
  - 3. Дедов И.И., Мельниченко Г.А. Ожирение. Руководство для врачей. М.:МИА. 2004. 456 с.
- 4. Global Burden of Metabolic Risk Factors for Chronic Diseases Collaboration (BMI Mediated Effects)., Lu Y., Hajifathalian K., Ezzati M., Woodward M., Rimm EB, Danaei G. Metabolic mediators of the effects of body-mass index, overweight, and obesity on coronary heart disease and stroke: a pooled analysis of 97 prospective cohorts with 1-8 million participants. Lancet. 2014 Mar 15; 383(9921):970-83. doi: 10.1016/S0140-6736(13)61836-X.
  - 5. Самородская В.И. Новая парадигма ожирения//Лечащий врач. 2014 №12. Стр.48-54
- 6. Енисеева Е.С., Андреева Е.О., Ежикеева С.Д., Тен М.Н., Максюта Е.В. // Роль абдоминального ожирения в развитии ИБС у женщин. // Материалы всероссийского научно-образовательного форума Кардиология 2012. М., 2012.-Стр.62.
- 7. Токарева З.Н., Мамедов М.Н., Деев А.Д. и др. Распространенность и особенности проявлений метаболического синдрома во взрослой городской

популяции // Кардиоваскулярная терапия и профилактика. 2010. (1). 10–14 с.

- 8. Fan H., Li X., Zheng L., Chen X., Lan Q., Wu H., Ding X., Qian D., Shen Y., Yu Z., et al. <u>Abdominal obesity is strongly associated with Cardiovascular Disease and its Risk Factors in Elderly and very Elderly Community-dwelling Chinese</u>. Sci Rep. 2016 Feb 17;6:21521. doi: 10.1038/srep21521.
- **9.** Нускабаева Г.О. Предикторы ремоделирования миокарда ЛЖ у женщин казашек при АГ с АО. Дисс. ... канд.мед.наук: 14.05.00. Алматы, 2010 год. 45 с.

- 10. Шалхаров С.Ш., Шалхарова Ж.С., Аскарова С.С. Мухамедов Р.С., Жмырко Е.// Влияние Trp64Arg полиморфизма гена бета3-адренорецептора на риски развития сердечно-сосудистых заболеваний у лиц с абдоминальным ожирением. Терапевтический вестник. 2009. №2.-Т.22.-27-28 с.
- 11. Friedewald W.T., Levy R.I., Fredrickson D.S. <u>Estimation of the concentration of low-density lipoprotein cholesterol in plasma, without use of the preparative ultracentrifuge</u>. Clin Chem. 1972 Jun; 18(6):499-502.
- 12. Conroy R.M., Pyorala P., Fitzgerald A.P. et al. Estimation of ten year risk of fatal cardiovascular disease in Europa: the SCORE project. Eur Heart J. 2003; 24: P.987—1003.
  - 13. <a href="http://www.klinrek.ru/calcs/ccs">http://www.klinrek.ru/calcs/ccs</a>. <a href="http://www.klinrek.ru/calcs/ccs">httm</a>.
- <u>14.</u> Anderson K.M., Odel P.M., Wilson P.W., Kannel W.B. Cardiovascular disease risk profiles. Am Heart J. 1991; 121: P.293—298.
  - 15. <a href="http://www.framinghamheartstudy.org/risk-functions/atrial-fibrillation/index.php">http://www.framinghamheartstudy.org/risk-functions/atrial-fibrillation/index.php</a>
  - 16. Assmann G., Cullen P., Schulte H. The Munster Heart Study (PROCAM). European Heart J. 1998; 19: P.2-11.
  - 17. <u>http://www.chd-taskforce.com/ procam\_interactive.html</u>
- <u>18.</u> Чепурина Н.А. Суммарный риск развития сердечно-сосудистых заболеваний и их осложнений: методы оценки. Kardiol serdečno-sosud hir. 2008; 4: 24—28 с.
- <u>19.</u> Чепурина Н.А., Шальнова С.А., Деев А.Д. Прогностическая значимость суммарного риска развития сердечно-сосудистых заболеваний и факторов, его определяющих: 10-летнее наблюдение выборки мужчин государственных служащих. Kardiol serdečno-sosud hir. 2009; 1: 15: 15-20 с.

#### ТҮЙІН

### ШАРАБИТДИНОВА¹ Г.Г., АСКАРОВА¹ С.С., САДЫҚОВА¹ Ә.Д., МУСИНА¹'² А.А.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті<sup>1</sup> Астана Медицина Университеті<sup>2</sup>

# АБДОМИНАЛЬДІ СЕМІЗДІГІ БАР НАУҚАСТАРДА ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР АУРУЛАРЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ

